

Топан судан кейін Нұх пен оның жанұясында жаңа өмір басталды. Біраз уақыт өткеннен кейін оның ұрпақтары бүкіл жер бетін қайта толтырды.

19

Нұх және топан су
 Құдайдың Сөзінен, Киелі кітаптан әңгіме
 табылады
 Жаратылыстың басталуы 6-10
 "Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
 Забур 119:130



Нұх және топан су



Мәтінін жазған Edward Hughes
 Суретін салған Byron Unger; Lazarus

Қазақ тіліне аударған Christian Lingua
 Бейімдеген M. Maillot; Tammy S.

Үшінші әңгіме

M1914.org

Bible for Children, PO Box 3, Winnipeg MB R3C 2G1 Canada

Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға немесе басып шығаруға рұқсат етілген.


Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күн деп атайды. Күннің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16


Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

қазақ тілі Kazakh



Нұх Құдайды қастерлейтін адам болды. Басқалардың бәрі Құдайды жеккөріп, Оған мойынсұнбады.
 Бір күні Құдай жан түршіктіретін хабар айтты.

1



Құдай Нұхқа үн қатып, былай деді: "Мен осы зұлым әлемді құртамын. Тек сені және сенің жанұяңды ғана құтқарамын."

2

Құдай Нұхқа топан судың бүкіл жердің бетін басатынын айтып ескертті. "Өз жанұяң мен көп жануарлар сыятындай етіп мықты ағаштан сандық тәрізді кеме тұрғыз," - деп Құдай Нұхқа тапсырма берді.



3

Құдай Нұхқа кемені қалай тұрғызу жөнінде нақты нұсқаулықтар берді. Нұх іске кірісті.




4

Сандық тәрізді кемені не үшін жасап жатқанын түсіндіргенде адамдар Нұхты мазақтап күлген шығар. Бірақ оған қарамай, Нұх ісін жалғастыра берді. Ол, сондай-ақ, адамдарға Құдай туралы да айта берді. Бірақ, оған ешкім құлақ аспады.




5

Нұхтың сенімі күшті болатын. Соған дейін ешқашан жаңбыр жаумаса да, ол Құдайға сенді. Біраз уақыттан соң кеме дайын болды.




6

Жануарлар да келіп қалды. Құдай жануарлардың кейбір түрлерінен жеті, ал қалғандарынан екі-екіден алып келді. Үлкен және кішкентай құстар, ұсақ және алып хайуандар кемеге қарай жылжыды.



7

Нұх жануарларды кемеге тиіп жатқанда, адамдар оған жаман сөздер айтып, тіл тигізген болса керек.



8

Олар Құдайға қарсы күнә жасауларын тоқтатпады. Олар, тіпті, кемеге кіру туралы да ойлаған жоқ.




9

Ақырында, барлық жануарлар мен құстар кемеге кіріп болды. "Үй ішімен бірге кемеге кір," - деп Құдай Нұхты шақырды. Нұх, оның әйелі, үш ұлы мен олардың әйелдері кемеге кірді. Содан кейін Құдай кеменің есігін жауып тастады.



10

Содан кейін жаңбыр жауды. Нөсер жаңбыр жерге қырық күн, қырық түн бойы құйды. Топан су қалалар мен ауылдарды басты. Жаңбыр тоқтаған кезде, тіпті, таулар да судың астында қалған болатын. Ауамен тыныс алатын тірі жанның бәрі өлді.




11

Су көтерілгенде, кеме судың үстінде қалқып жүрді. Бәлкім кеменің іші қараңғы, не қорқынышты болған шығар. Бірақ кеме Нұхты топан судан сақтады.




12

Топан судың басқанына бес ай өткенде Құдай жерді құрғату үшін жел жіберді. Кеме біртіндеп Арарат тауларының үстіне тоқтады. Содан кейін су азайғанша Нұх кемеден тағы қырық күн болды.



13

Нұх кемедегі терезені ашып, бір кара қарға мен көгершінді сыртқа ұшырып жіберді. Бірақ көгершін қонақтауға орын таппай, Нұхқа қайтып келді. Бір апта өткеннен кейін Нұх тағы да осылай істеді.



14

Көгершін қайтып оралғанда, жаңа көктеген зәйтүн ағашының бір жапырағын тұмсығына қыстырып ала келді. Тағы бір аптадан кейін Нұх жердің құрғағанын білді, өйткені көгершін бұл жолы қайтып оралмады.



15

Құдай Нұхқа кемеден шығатын уақыттың келгенін айтты. Нұх пен оның жанұясы бірігіп жануарларды кемеден шығарды.



16

Нұх сондай риза болса керек! Ол құрбандық ұсынатын орын жасап, өзін және жанұясын топан судан құтқарған Құдайды мадақтады.



17

Құдай Нұхқа керемет уәде берді. Ол бұдан былай адамзаттың күнәсына бола еш уақытта топан су жібермейді. Құдай Өз уәдесінің белгісі ретінде кемпіркосақты берді.



18